



Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 22 (821) 30 мамыр 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhanzhuldizi

https://vk.com/Magzhanzhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

МӘЖІЛІСТЕ

ДЕПУТАТ СОЛТҮСТІК ӨНІР ТҰРҒЫНДАРЫНА АРНАЙЫ ҮСТЕМАҚЫ ТӨЛЕУДІ ҰСЫНДЫ

Мәжіліс депутаты Дмитрий Колода еліміздің солтүстік өңір тұрғындарының әл-ауқатына алаңдаушылық танытты.

«Климаттық жағдай, әлеуметтік, коммуналдық және жол инфрақұрылымының мез еместігі аймақта өмір сүруге тартымсыз. Мысалы, жылыту маусымы 7 айдан астам уақытқа созылады. Жаз, қыста егіншілік пен мал шаруашылығын дөңгелетудің мүмкіндігі аз, ал қыста көп жемшөп қорын қажет етеді. Еліміздің солтүстігі газбен аз қамтылған, сонымен қатар халықты ауыз сумен қамту көрсеткіштері өте төмен және ең нашар жолдар осы өңірлерде. Мұның бәрі қолайлы өмір құру үшін үлкен шығынды талап етеді және орташа жалақы ел бойынша көрсеткіштен төмен», - деді Дмитрий Колода депутаттық сауалын ҚР Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Р. Склярға жолдай отырып.

Халық қалаулысының айтуынша, солтүстік аймақтарда халық санының азаюы байқалды.

«Кадр тапшылығы проблемасы ұшығып барады, нәтижесінде халықтың сапалы қызметтерге қолжетімділігі төмендейді. Сонымен қатар шекаралас аймақтарда халық санының азаюы ұлттық қауіпсіздік үшін де алаңдатарлық фактор. Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан халқының азаматтарына алаңдаушылық білдіріп, өңірлік тенгеріміздіктерді төмендету міндетін қойды. Бұл мәселенің шешімін еліміздің еңбеккер өңірлерінен қоныс аудару бағдарламаларын іске асыру арқылы ғана емес, өмір сүру үшін лайықты жағдайларды қамтамасыз етуге қажет», - дейді ол.

Сондай-ақ, депутат халықаралық тәжірибе көрсеткендей, климаттық жағдайы бізге үкес елдерде тұрғындар үшін қаржылық қолдаудың түрлі құралдары барын айтты. Осы орайда еліміздің солтүстіктегі халқы үшін арнайы өңірлік үстемақы енгізуді тілге тиек етті.

«Солтүстік өңірлердің мәселелерін шешудің екінші факторы – аймақты газдандыру. Үкіметтің күн тәртібіндегі елдің солтүстік аймақтарын газданандыру жоспарына ұзақ уақыт болды, бірақ мәселе әлі шешілген жоқ. Сонымен қатар бұл мәселені шешудің нақты кестесі жоқ», - дейді ол.

Мәжіліс депутаты Дмитрий Колода солтүстік өңірлердің мәселесін жедел шешу үшін келесі ұсыныстарды алға тартты:

1. Солтүстік өңірлердің тұрғындары үшін арнайы өңірлік үстемақыны есептеу бағдарламасы мен әдістемесін әзірлеуді ұсынамыз;
2. Жас мамандарды тарту үшін коэффициенттер ескерілсін;
3. Зейнеткерлер үшін өңірлік үстемақыны есептеуді енгізу мүмкіндігін қарастыру;
4. Қазақстанның солтүстік өңірлерін газданандыру мәселесін шешуді жеделдету.

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

КЕЗЕКТІ СЕССИЯ ӨТТІ



Өткен аптада 24 мамыр күні аудандық өкімдіктің отырыс залында мәслихат сессиясы өтті, оған аудан әкімі Қайрат Омаров, мәслихат хатшысы Айзада Рахметова, облыстық тексеру комиссиясының мүшесі Марат Ебжанов, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары қатысты.

Сессияда депутаттарға 2023 жылғы аудан бюджетінің атқарылуы туралы, 2023 жылғы Булаев қаласы мен ауылдық округтер бюджеттерінің атқарылуы туралы, ауданда этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру туралы, аудан аумағында шетелдіктер үшін тұрақты жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы, аудан бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы мәселелер қаралды.

Сессия соңында күн тәртібіне шығарылған мәселелер бойынша депутаттар тиісті шешімдер қабылдады.

ЖҰМЫС САПАРЫ

ЖАҚСЫ ӨНІМ АЛУҒА ҮШІН УАҚЫТЫНДА ЕГІН ЕГУ КЕРЕК



ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров өткен аптада Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен келіп, көктемгі егіс жұмыстарының барысымен танысып, шаруалармен кездесті. Облыс орталығында мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіруге арналған кеңес өткізген Ауыл шаруашылығы министрі бірнеше аудандарды аралап шықты. Соның бірі – Магжан Жұмбаев ауданы.

Жұмыс сапары барысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров пен облыс әкімі Фауез Нұрмұхамбетов «Полудинское» ЖШС және «Нурсен Агро» ЖШС егістік алқаптарында болып, көктемгі дала жұмыстарының барысын тексерді. Сондай-ақ алқап басында шаруашылық басшыларымен кездесіп, егіс науқанының өзекті мәселелерін және мемлекеттік қолдау шараларын талқылады.

Бүгінгі таңда Мемлекет басшысының тапсырмасына сай ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемін 2 есеге ұлғайту және қайта өңдеу өнімдерінің үлесін 70 пайызға жеткізу міндеті тұр. Бұл міндеттерді орындау үшін жол картасы әзірленіп, нақты көрсеткіштер белгіленді.

Егістік оңтайлы мерзімдерін сақтау, дизельдік отынның болуы, сапалы тұқыммен қамтамасыз ету – мол өнім алудың негізгі шарттары. Қазіргі кезде шаруалар жеңілдетілген дизель отынын алудың ережелері өзгертілді. Мәселен, 15 мамырдан бастап өзгертілген Ереже қолданылады: көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жеке өтім берудің орнына бірыңғай өтім бар. Бұл дизель отынына жеңілдік алу рәсімін жеңілдетеді. Өтімін беру мерзімі 20 күннен 30 күнге дейін ұзартылды, отын шығынының бірыңғай базалық нормативтері алынып тасталды, енді нормативтер өңірлердің топырақ-климаттық жағдайларын ескере отырып белгіленетін болады. Мемлекет егіс науқанын оңтайлы мерзімде ұйымдастыру және сәтті аяқтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдады, - деді министр.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биылғы егіс және егін жинау жұмыстарына 580 миллиард теңге көлемінде жеңілдетілген несиесі көзделген. Осылайша, қаржыландыру 3 еседен астам өскен. Жеңілдікпен қаржыландыру 5% мөлшерлемемен жүзеге асырылады, несиені 12 айға алуға болады, бұл фермерлерден несиені күзде өту міндетін алып тастайды, енді несиені өтеу үшін астықты асығыс және тиімсіз бағада сатудың қажеті жоқ. «Даму» қорының кепілдігі де бар, ол шаруалар арасындағы кепілдің тапшылығы мәселесін шешпек.

Сондай-ақ кездесуде министр тыңайтқыштарды, тұқымдарды, техникаларды субсидиялау, инвестициялық жобаларды қаржыландыру және өзге де қолдау шараларын пайдалану қажеттігін жеткізді. Оның айтуынша жеңілдетілген несиесі мен субсидия алып

отырған ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері технологияны ұстану, сапалы тұқым мен тыңайтқыштарды пайдалану арқылы өнімділікті арттыруға ұмтылуы керек.

Импорттік астық ішкі нарыққа қысым жасап, дәстүрлі өткізу нарықтарымызды иеленеді. Өйткені көршілеріміз 20-25 ц/га жоғары өнімділікке ие, бұл өнім бағасының арзандауына алып келеді. Ал, қазақстандық өнімдер баға бойынша бәсекеге қабілетті емес. Агроөнеркәсіп кешеніндегі өнімді арттыру үшін жұмыс істеу керек, - деп түйіндеді Айдарбек Сапаров.

Сондай-ақ мағандық астық өндірушілермен кездесу барысында облыс әкімі егіс жұмыстарын уақытылы аяқтап, ауылдарды әлеуметтік қолдаудың маңыздылығына тоқталды. Фауез Нұрмұхамбетов су тасқынының салдарын жоюға және инфрақұрылымды қалпына келтіруге қомақты қаржы бөлген диқандалардың үлесін атап өтті.

Олардың қатарында «Зенченко и К», «Ногайбай» ЖШС және басқалары бар. Барлығы 360 серіктестік пен кәсіпорын көмек көрсетті. Солтүстікқазақстандықтардың атынан кәсіпкерлерге облыс үшін қиын-қыстау кезеңде қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтамын, - деді өңір басшысы.

Сурақ-жауап форматында өткен жиын соңында серіктестік басшылары аграрлық саладағы өзекті мәселелерді көтеріп, барлық сурақтарға толыққанды жауаптар алды.

Содан кейін Айдарбек Сапаров пен Фауез Нұрмұхамбетов Булаев қаласына ат басын тіреп, бірқатар кәсіпорындағы жұмысымен танысты. Жалпы қазіргі кезде ауданда өнеркәсіп саласы жақсы дамып, қанатын кең жайып келеді. Мәселен, «Пальчик» ЖК сүт зауытының өнімдері еліміздің көптеген өңірлеріне, өсіресе, елордада аса танымал. Ал Светлана Карабанова басқаратын «Тамаша 2050» ЖШС соңғы жылдары ешкі өсірумен аты шыға бастады. Заманауи арнайы қондырғыларда сатып алған кәсіпорын бүгінгі күні ешкі сүтінен йогурт, балмұздақ және ірімшік өнімдерін көптеп өндіреді.

Сүт зауыты мен ешкі фермасын аралап, сиыр және ешкі сүтінен шығарылатын жаңа өнімдерді ең көзімен көрген министр мен облыс әкімі тәжірибелі кәсіпкерлердің бастамасына оң баға беріп, мемлекеттік қолдауын тиімді пайдалануға шақырды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ - 32 ЖЫЛ

Мемлекеттік рәміздер - бұл кез-келген мемлекеттің өзіндік ерекшелігі мен егемендігін білдіретін ажырамас атрибуттарының бірі.

Ежелгі заманнан бері ту ел халқын біріктіру және оны белгілі бір мемлекеттік құрылыммен сәйкестендіру функцияларын атқарды.

Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік Туы 1992 жылы ресми түрде қабылданды. Оның авторы - суретші Шөкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы - ортасында күн сәулесі бар, оның астында қалықтаған бүркіт бейнеленген аспан-көк түсті тікбұрышты мата. Біліктің жанында ұлттық ою-өрнегі бар тік жолақ бар. Күннің, оның сәулелерінің, бүркіттің және ұлттық ою-өрнектің бейнесі - алтын түстес.

Әр түс белгілі бір ұғымды білдіреді. Сонымен, аспан көк түс адалдықты пен мінсіздікті білдіреді. Сонымен қатар, көк түс түркі мәдениетінде терең символдық мәнге ие. Қазақстанның Мемлекеттік туында ол ашық аспанды, бейбітшілік пен амандықты, ал фонның біртұтастығы - еліміздің бірлігін бейнелейді.

Күн байлық пен молшылықты, өмір мен энергияны білдіреді. Сондықтан елдің туындағы күн сәулелері дән төзізді - өркендеу мен әл-ауқаттың символы. Қазақстанның мемлекеттік атрибутықасындағы күннің бейнесі өмір жолындамзаттық құндылықтарға бейбілділігін растайды және жаңа жас мемлекеттің өмірді растайтын энергияға толы екенін және өлеңнің барлық елдеріне серіктестік пен ынтымақтастық үшін ашық екенін айғақтайды.

Бүркіттің бейнесі - көптеген халықтардың елтаңбалары мен жалауларында бұрыннан қолданылған негізгі атрибуттардың бірі. Бұл сурет әдетте біліктің, көрегендік пен жоғарылықтың символы ретінде қабылданады. Күн астында қалықтаған бүркіт мемлекеттің күшін, оның егемендігі мен тәуелсіздігін, жоғары мақсаттар мен тұрақты болашаққа ұмтылысын білдіреді.

Мемлекеттік Тудың маңызды элементі оның білігінің жанында орналасқан ұлттық ою-өрнегі бар тік жолақ болып табылады. Қазақ ою-өрнегі - халықтың эстетикалық талғамына сәйкес әлемді ерекше көркемдік қабылдаудың бір түрі. Әр түрлі формалар мен сызықтардың үйлесімін білдіретін бұл халықтың ішкі әлемін ашудың мәнерлі құралы. Білік бойындағы ұлттық ою-өрнек Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін бейнелейді.

Елтаңба-мемлекеттің басты



«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде атап өтіледі.

Мемлекеттің елтаңбадағы қанатты мифтік тұлпарлар негізгі геральдикалық элемент болып табылады. Жылқының бейнесі ежелден батылдық, адалдық және күш сияқты ұғымдарды бейнелейді. Қанаттар Қазақстанның қонғулы халқының мықты және гүлденген мемлекет құру туралы сан гасырлық арманын бейнелейді. Олар таза ойлар мен дәйекті жетілдіру мен жасампаз дамуға деген ұмтылыстың дәлелі. Жылқылардың алтын қанаттары да алтын құлақтарға ұқсайды және қазақстандықтардың еңбекқорлығы мен елдің материалдық әл-ауқатын білдіреді.

Егемен Қазақстанның Елтаңбасы 1992 жылы ресми түрде қабылданды. Оның авторлары - белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы шеңбер түрінде болады - бұл Ұлы дала көшпенділері арасында ерекше құрметке ие болған өмір мен мәңгіліктік символы. Мемлекеттік елтаңбадағы орталық геральдикалық элемент - шаңырақтың көгілдір фонда бейнеленуі, одан уықтар күн сәулесі түрінде барлық бағытта алшақтайды. Шаңырақтың оң және сол жағында мифтік қанатты жылқылардың бейнесі орналасқан. Жоғарғы бөлігінде көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Qazaqstan» деген жазу бар.

Шаңырақ - аспан күмбезіне ұқсайтын және суразиялық көшпенділердің дәстүрлі мәдениетіндегі тіршіліктің негізгі элементтерінің бірі болып табылатын киіз үйдің негізгі жүйе құраушы бөлігі. Республиканың мемлекеттік елтаңбасында шаңырақ бейнесі - елімізде тұратын барлық халықтар үшін ортақ үйдің және біртұтас Отанның символы. Қазақстанның тұрақты дамуы әрбір азаматтың әл-ауқатына байланысты, шаңырақтың беріктігі мен тұрақтылығы оның барлық уықтарының (тіректерінің) сенімділігіне байланысты.

Мемлекеттік елтаңбадағы қанатты мифтік тұлпарлар негізгі геральдикалық элемент болып табылады. Жылқының бейнесі ежелден батылдық, адалдық және күш сияқты ұғымдарды бейнелейді. Қанаттар Қазақстанның қонғулы халқының мықты және гүлденген мемлекет құру туралы сан гасырлық арманын бейнелейді. Олар таза ойлар мен дәйекті жетілдіру мен жасампаз дамуға деген ұмтылыстың дәлелі. Жылқылардың алтын қанаттары да алтын құлақтарға ұқсайды және қазақстандықтардың еңбекқорлығы мен елдің материалдық әл-ауқатын білдіреді.

Республиканың Мемлекеттік елтаңбасындағы тағы бір деталь - бес бұрышты жұлдыз. Бұл символды адамзат ежелден бері қолданып келеді және адамдардың ақиқат нұрына, барлық асқақ және мәңгілікке деген тұрақты ұмтылысын білдіреді. Мемлекеттік елтаңбадағы жұлдыздың бейнесі қазақстандықтардың өлеңнің барлық халықтарымен ынтымақтастық пен әріптестігі үшін ашық Ел құруға деген ұмтылысын көрсетеді. Қазақстан тұрғындарының жүрегі мен құшағы барлық бес құрлықтың өкілдеріне ашық.

Мемлекеттік елтаңбада қолданылатын негізгі түс - байлықтың, әділеттіліктің және жоғарылықтың символы ретінде қызмет ететін алтынның түсі. Тудың түсі де бар - аспан көк, ол алтынның түсімен үйлеседі және ашық аспанды, бейбітшілік пен әл-ауқатын бейнелейді.

Әнуран - мемлекеттің басты

БАЛАЛАР - БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ!

1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні
Қазақстанда кеңінен тойланады.



Баланың ең сенімді қорғанысы - дені сау, тату, берекелі отбасы. Балалар біздің үмітіміз, болашағымыз. Қуаныш пен шаттыққа толы балалық шақтан асқан сұлупық жоқ, оны солай өту - отбасының, қоғамның, мемлекеттің міндеті.

Балаларды қорғау күнінің мақсаты - балалардың өмір сүруге, пікір бостандығына, білім алуға және қорғауға құқығы бар екенін еске салу. Бұл мереке 1949 жылы қарашада Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясы

конгресінің шешімімен бекітілді. Қазақстан Республикасы көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі негізгі халықаралық құқықтық құжаттарды ратификациялады, оларды жүзеге асыру барысында балалардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін тиісті заңдар мен қаулылар қабылданды. Негізгі халықаралық шарт - 1989 жылы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Бала құқықтары туралы конвенция.

Бұдан бөлек, әлем халықтары 20 қарашада Халықаралық нәрестелер күнін, 16 маусымда Африкада Балаларды қорғау күнін мерекелейді. Ал біздің елімізде балаларға арналған көптеген мәдени шаралар, соның ішінде көрмелер, шығармашылық фестивалдар, спорттық жарыстар және т.б. ұйымдастырылып, жалпыхалықтық деңгейде аталып өтеді.

Ендіше барлық балаларды төл мерекелерімен құттықтаймыз. Болашақ ұрпақ әрқашан бейбітшілікте өмір сүруіне және елін, жерін қорғайтын азаматтар болып өсуіне тілектеспіз!

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ - ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Жыл сайын 5 маусым күні атап өтілетін Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні Жер планетасының әрбір тұрағының бей-жай қалдырмауы қажет. Біріккен Ұлттар Ұйымының тарапынан үлкен қолдау көрсетілетін мерекенің мақсаты - қоршаған ортаның айтулы проблемаларына өлеңдік қауымдастықтың назарын аудару және адамзат баласының қоршаған ортаға деген жауашырлық сезімін ояту болып табылады. Атап айтқанда адамдардың таза және қауіпсіз ортада өмір сүруі қамтамасыз етілуі тиіс.



Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні 1972 жылдың маусымында қоршаған орта проблемалары жөніндегі Стокгольм конференциясының қарарына сәйкес бекітілді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы өз жүйесіндегі барлық мемлекеттер мен ұйымдарды жыл сайын осы күні олардың қоршаған ортаны қорғауға және оны жақсартуға деген ұмтылыстарын көрсететін түрлі іс-шараларды өткізуге шақырады.

Сондай-ақ Бас Ассамблеяның 27-ші сессиясында БҰҰ жүйесі аумағында жаңа ұйым құрылған болатын. Ұйымның атауы - БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП). Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні жыл сайын ЮНЕП-тің тікелей мұрындық болуымен атап өтіледі.

Қоршаған ортаға зиян тигізетін де, айналыны қорғайтын да, керісінше оны керектендіретін де - адамдар болып табылады. Шындығын айту керек, «нашар экология» деген сөз тіркесі қазір қалыпты сөз қолданысына айналып келеді және бұл тіркеске ешкім таң қалмайтын

да, селт етпейтін де болған. Бүкіл дүниеде болғанындай, өлкемізде де, әсіресе үлкен қалаларда, қоршаған ортадағы ең үлкен проблема - қорық, ағаштардың кесілуі, ауаның, өзендердің ластануы десек артық айтқандық емес. Әсіресе қоршаған ортаның ластануы Астана, Ақтау, Атырау, Өскемен, Қостанай, Қызылорда, Шымкентте байқалады. Семей, Теміртау, Жезқазған қалаларының экологиясы туралы айтпаса да түсінікті.

Біздің елімізде Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні - көшедегі шеру, велосипедшілер шеруі, «жасыл» концерттер, мектептерде шығармалар мен плакаттар байқауы, ағаш отырғызу, сондай-ақ қалдықтарды қайта циркуляциялау науқаны және аумақты тазарту тірлігі қызықты шаралар арқылы атап өтілуде.

Ендіше, сізді өзіңіз өмір сүріп отырған ортаны жағдайы бейжай қалдырмайтын болса, жылына бір рет қана атап өтілетін мерекенің белсенді қатысушысы атыңызды дегіміз келеді.

ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫН ҰСТАП ҚАЛУ ЖАҒДАЙЛАРЫ



Қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін өзгерту кезінде жұмыс берушілер, ең алдымен, ҚР ЕК нормаларын басшылыққа алуы тиіс, оған сәйкес жұмыс берушілер қызметкерлердің еңбекақы төлеу саласындағы мемлекеттік кепілдіктерін сақталуын қамтамасыз етуге міндетті, олар ҚР ЕК 102 бабына сәйкес қызметкердің жалақысынан ұстап қалу мөлшерін шектеуді қамтиды.

Жұмыс беруші әрбір қызметкерге жалақы беру кезінде тапсыруға міндетті жазбаша хабарламада оған тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың сомалары мен негіздері, алуға тиесілі соманың мөлшері туралы мәліметтер болуы тиіс. Хабарлама (есеп айырысу парағының) нысанын жұмыс беруші бекітеді.

Қызметкердің жалақысынан ұстап қалу ҚР ЕК және ҚР өзге де заңдарында көзделген жағдайларда ғана жүргізіледі.

Қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес қызметкердің жалақысын ұстап қалу шарттарының бірі сот шешімі болып табылады.

ҚР ЕК-нің 115 бабына сәйкес қызметкердің жалақысынан ұстап қалу шарттарының бірі сот шешімі болып табылады.

Сот шешімін орындау тәртібі (оның ішінде қызметкердің жалақысынан ұстап қалуы кездейтін) ҚР АЖК 241 бабында белгіленген. Соттың шешімі заңда белгіленген тәртіппен ол заңды күшіне енгеннен кейін орындалады.

Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылады, ол өндіріп алушыға беріледі не оның жазбаша өтініші бойынша сот орындау үшін аумақтылығы бойынша атқарушылық іс жүргізудің тиісті органына жібереді.

Борышкердің жалақысына және табысының өзге де түрлеріне өндіріп алу қолданылған кезде сот орындаушысы осы Заңның талаптарын ескере отырып, қаулы шығарады, онда берілген сомалар толық өндіріп алынғанға дейін ай сайын қандай мөлшерде ұстап қалу жүргізілетінін көрсетеді және аумақтық бөлімнің не жеке сот орындаушысының мөрімен расталған атқарушылық құжаттың көшірмесімен бірге орындау үшін берілген соманы толық өндіріп алғанға дейін борышкер еңбек қатынастарынан тұрады немесе сыйақы алады.

Ұстап қалу мөлшері борышкердің алуға тиесілі жалақысы (табысы) сомасынан есептеледі.

Қызметкердің жалақысынан ұстап қалу тек соттың шешімі бойынша ғана емес, сонымен қатар жұмыс берушінің актісі негізінде қызметкерге жазбаша хабарлай отырып жүргізілуі мүмкін. Жұмыс берушінің актісі жалақыдан ұстап қалуға бұйрық немесе өкім болуы мүмкін:

1) қызметті іссапарға байланысты беріліп, жұмсалмаған және уақытылы қайтарылмаған соманы өтеу үшін, сондай-ақ іссапарға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда;

2) еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайларда жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы оқыту шартына сәйкес жұмыс берушінің қызметкерді оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу үшін. Шартқа сәйкес қайтару сомасы жұмыстың аяқталмаған мерзіміне барабар тең болуы тиіс;

3) қызметкерге жалақы есебіне берілген жұмыс істемеген авансты өтеу үшін;

4) ақылы еңбек демалысы ауыстырылған немесе қызметкер жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан кері қайтарып алынған жағдайларда. Егер қызметкерді жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан кері қайтарып алу кезінде қызметкер

мен жұмыс беруші арасындағы келісім бойынша демалыстың пайдаланылмаған бөлігін басқа уақытта берудің орнына қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігінің күндері үшін өтемақы төлемі жүргізіледі; жалақыдан ұстап қалмайды;

5) өзге жағдайларда қызметкердің жазбаша келісімі болған кезде (мысалы, басқа жұмысқа басқа жерге ауыстыруға байланысты берілген жұмсалмаған және уақытылы қайтарылмаған авансты өтеу үшін; арифметикалық әрекеттерде (есептеуге байланысты іс-қимылдарда) жіберілген қателіктер салдарында қызметкерге артық төленген сомаларды қайтару үшін; арифметикалық іс-әрекеттерде (есептеуге байланысты іс-қимылдарда) жіберілген қателіктер салдарынан қызметкерге артық төленген сомаларды жұмыс істемеген демалыс күндері; жұмысшы жыл сайынғы ақылы демалыс алған жұмыс жылы аяқталғанға дейін жұмыстан босату кезінде жұмыс істемеген демалыс күндері үшін және т.б.).

Бірнеше атқару парағы бойынша жалақыдан ұстап қалу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында және ҚР Еңбек кодексінде көзделген жағдайларда ай сайынғы ұстап қалу мөлшері қызметкерге тиесілі жалақының елу пайызынан аспауы тиіс. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ

Әлеуметтік көмек дегеніміз - қиын өмірлік жағдай туындаған жағдайда мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына ақшалай көмек. Ережеде әлеуметтік көмек алушылардың тізімі қатаң анықталған.

Әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына табысы ескерілмей келесі негіздер бойынша көрсетіледі:

1) азаматқа (отбасына) мүлкіне нұқсан келтіру сәтінен бастап әлеуметтік көмек өтініш беру мерзімі алты айдан кешіктірмей дүлей зияланып немесе өрттің салдарынан өзіне не оның мүлкіне зиян келтіргені бойынша, тұрғын үй (тұрғын үй құрылысы) меншік иелерінің біріне, дүлей зияланып, өрттің фактісін растайтын құжаттың негізінде бір жылғы 100 (жүз) айлық есептік көрсеткішке дейін мөлшерінде;

2) жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы - жылына 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) әлеуметтік маңызы бар аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тіршілік әрекетінің шектелуі бір жолғы 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, сонымен қатар:

- медициналық мекеменің анықтамасына сәйкес амбулаториялық бақылаудағы қатерлі ісіктері бар азаматтарға бір жолғы 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, қайта ұсынылмайды;

- Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасы ұсынатын тізімдер негізінде, қосымша тамақтануға түбер-күлзебен ауыратын диспансерлік есепте тұрған адамдарға ай сайын 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

- АИТВ-инфекциясының профилактикасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын медициналық мекеменің анықтамасы негізінде тұрақты күтім және қосымша күшейтілген тамақтану үшін адамның имун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған ауруы бар, жұқпалы балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне ай сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 2 (екі) еселенген мөлшерінде;

4) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмауы - жылына 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу, пробация қызметінің есебінде болу - жылына 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8. Әлеуметтік көмек адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отырып, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің

Халықтың әлеуметтік осал топтарына материалдық қолдау көрсету, оның мөлшерін белгілеу және Мағжан Жұмабаев ауданының маслихаты 2023 жылғы 24 қазандағы № 7-3 бекіткен Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

бір еселік шегінен аспайтын, жылына 1 (бір) рет 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

9. Әлеуметтік көмек табыстарын есепке алмай, келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

- Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне тенеістірілген ардагерлерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға және «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабында көрсетілген басқа да адамдарға тіс протездеу ақысын төлеуге, бағалы металлдар мен металл керамикадан, металл акрилден жасалған протездерден басқа, біржолғы 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі сомандан аспайтын;

- Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттер аумағындағы бо қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне және «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабында көрсетілген басқа да адамдарға тенеістірілген ардагерлерге коммуналдық қызметтер мен отын сатып алғаны үшін ақы төлегені үшін шығындарды өтеуге 24 (жырма төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, бір реттік;

Қазақстан Республикасының «Ардагерлер туралы» Заңының 8-бабы бірінші бөлігінде 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген адамдарды қоспағанда, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне тенеістірілген ардагерлерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға және «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8 бабында көрсетілген басқа да адамдарға жалпы аурудан бірінші, екінші, үшінші тонтардағы мүгедектігі бар адамдарға және жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші тонтардағы мүгедектігі бар

балаларға Қазақстан Республикасының санаторийлерінде (профилакторийлерінде) санаторий-курорттық ем алуға, санаторий-курорттық карталдан көшірме ұсынымен өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша емдеу-алдын алу мекемесінің ұсынымдарына сәйкес, жылына 1 (бір) рет санаторий-курорттық емдеу құны мөлшерінде, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі - Премьер-Министр орынбасарының «Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларға санаторийлік-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2023 жылғы 30 маусымдағы № 283 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32988 болып тіркелген) мүгедектігі бар адамдарға және мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емдеу туралы медициналық оңалту бірізменен жағдайда, жалпы аурудан бірінші, екінші, үшінші тонтағы мүгедектігі бар адамдарға және жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші тонтардағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға санаторий-курорттық емдеуді ұсыну қағидаларына сәйкес санаторий-курорттық емдеуді алмаған жағдайда әлеуметтік көмек жылына 1 (бір) рет іске асырылады;

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттер аумағындағы бо қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне тенеістірілген ардагерлерге, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға және «Семей ядролық полигоны аймағында зардап шеккен ардагерлерге, жалпы аурудан бірінші, екінші, үшінші тонтағы мүгедектерге және жеті жасқа дейінгі, бірінші, екінші, үшінші тонтағы жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, сондай-ақ мүгедектігі бар балаларды алып жүретін азаматтарға жөнелту станциясынан орынға дейінгі көл жүру құны мөлшерінде растайтын құжаттарды ұсынған кезде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша теміржол (пассажир вагоны), автомобиль



жөлаушылар көлігімен (таксиден басқа) емдеуге жатқуы және кері қайту;

Бірінші тонтағы мүгедектігі бар адамдар үшін санаторлық-курорттық емделуге, уәкілетті ұйымның тізімі негізінде абилитация мен оңалтудың жеке бағдарламасында жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтері көзделген бірінші тонтағы мүгедектігі бар адамдар үшін (жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертітуге ұшыраған немесе көсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда) жеке көмекшінің еріп жүруіне, уәкілетті ұйымның тізімі негізінде жылына (бір) рет 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға, жүріп-тұруы қиын бірінші және екінші тонтардағы мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға мемлекеттік әлеуметтік тапсырмашы шеңберінде әлеуметтік такси қызметін ұсынуға және (инвентакси) автотранспорттық қызметтерін қорсетуге дөрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға біржолғы 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесіне енгізілмеген, емделуші дәрігердің рецепті бойынша мамандандырылған емдік тамақтану тағайындалған мүгедектігі бар балаларға және мүгедектігі бар адамдарға жан басына Мағжан Жұмабаев ауданының аудандық ауруханасымен ұсынатын тізім бойынша, әр ай сайын 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

Әлеуметтік көмекті Мағжан Жұмабаев ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі көрсетеді. Анықтама телефоны 2-81-44, мекен жайы Булаев қаласы, Мир көшесі, 8-үй.

АДАСҚАН МАҒЖАН



Сол жылдары ол қазақша оқулықтар жазды, В.И.Лениннің, орыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударды. Осындай жағдайда Мағжанның қозғарысы қайшылықтардан арылып, ұстанымды нығайды, марксизм-ленинизм идеяларын терең әрі табанды игерді. Өкінішке қарай, оның басымдағы бұл өзгерістерді КазАШП басшылары көргісі келмеді. Тіпті оның “Токсаннан тобы” деген тамаша өлеңі 1927 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің газеті “Еңбекші қазаққа” жарияланғанда да Мағжанды кеудеден игеріп, “құбылмалы жарамас” деп бағалағандар да болды. Шығ. мөнінде бұл өлеңінде Мағжан жан түкпірінен қайнап шыққан шындығын айтып, ағнаған жарылған:

Мен мүңдем мен мүңдем, адаласам ел деп адастым,
Ол деген емес асылы,
Он демемді, демемінін.
Ой кезінде көмексі
Жырладым елді жалпылап,
Жасырмай елді жоқтадым,
Токсанға енді тоқтадым, — деген

сөздеріне сенім білдірмейді. Қарапайым түсінікте мұндағы “он” деп отырғаны — алашордашылар, “тоқсаны” — қазақтың еңбекші халқы. “Жүзді жоқтадым” дегенде — “отаныма бөле-жармай қызмет еттім, тапқа бөлгенім жоқ” деген ойын айтқаны. “Токсанға енді тоқтадым” дегенде, ендігі өмірім қазақтың қалың бұқарасына арналады дегені. Жан сырын ақтары деген осындай-ақ болар. Оның бұл айтқандарын қаламдестері қабыл алмады. Неге? Неге екенін тап басып айту қиын. Дегенмен дәл осы тұста жеке бастың өштігі, кек алудың амалы және тап күресінің принциптерін теріс түсіну сияқты жағдайлар басым болды-ау деп санаймын.

Қалайда Мағжан 1929 жылы түрмеге қамалды. Жастық шақтағы кінәсін адал да жемісті еңбегімен ақтағанына қарамастан, он жыл өтті кеткен қателері үшін жауап беруге тиіс болды. Он жылға сотталып, жазасын Карелия жерінде өтеді. Мұнда да адал еңбек етті, әуелі мұғалім болды, кейін бірнеше лагердің біріннен санитарлық бөлімін басқарды. Әйелі арқылы медицина оқулықтарын алдырып, дәрігерлік білімі өз бетіне менгере бастайды. 1935 жылы М.Горькийдің көмегімен босайды. Мағжан Петропавл қаласына қайтады, алғашқы кезде оған С.Сейфулин қаржылай көмек беріпті. Петропавлда техникумда сабақ берді, осында Қазақ жазушылар ұйымы басшыларының бірі С.Мұқановпен кездесіп, өңгімелескеннен кейін Кеңес Жазушылар одағына қабылдау жөнінде өтініш жазды. Өтінішінде: “Кеңес әдебиетіне шын жүрегімен қызмет етемін”, — деген сөздер бар.

Бұл өтінішке С.Мұқанов мейлінше сыйапай, соншалық сырдан сөздермен жауап жазады, онда: “Мағжанды Кеңес Жазушылар одағына қабылдау мәселесі оның жаңа шығармалары жарыққа шыққаннан кейін ғана қаралатынын” хабарланған. Обалы қанша, сол хатта Мағжанға шығармашылық жұмысына жағдай туғызатыны да айтылған.

Мағжанның бұдан кейінгі тағдыры күңгірт, тұманды, түсініксіз жағдайда аяқталды. Көп ұзамай Жұмабаевтың ескі күйлері қайта ақтарылады. “Саяси сенімсіз” адам ретінде оны техникумнан қуады, мектепте “алашордашы” болды деп одан да шеттетеді. Мағжан орталықта

Мағжан Жұмабаевтың өмірбаянына қатысты әрбір құжат қымбат. Олардың біреуі — 1960 жылы 8 тамызда Кеңес өкіметінің соты “қалжың жөз” деп аталған ақынның өсімі 1988 жылдың желтоқсанына дейін неге жабық болды, әлде ақынға ара түсетін белгілерді ма деген сұраққа жауап ретінде ресмиылы енгізілген мына хат. Авторы — Ташкүрестанның халық жазушысы деген құрметті атағы бар, аса көрнекті қаламгер Сәйітбай Құдышев. Автордың бұл хаты Мағжан жөнінде жазылған кітаптарға басылғанмен, қатып оқырған таныса келген жөз шығар деген өйлеп ұстаным енгізілме. Мәтінді қазіргіге аударған профессор Зүрғали Жайытбай.

Қазақ КСР КП Орталық Комитетінің
бірінші хатшысы
Д.А. Қонаевқа
Бірінші көшірмесі:
КПСС Башқұрт ОК бірінші хатшысы
М.З. Шакировка
Екінші көшірмесі:
Қазақстан Жазушылар одағының
басқармасына

Құрметті Дінмұхамед Ахметұлы!
Бұл хатты жазуға қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы мен саяси тұрғысы туралы соңғы кезде Қазақстанда біріне-бірі қарсы екі түрлі қоғамдық пікір қалыптасқан отырғаны себеп болды. М.Жұмабаев 1929-1937 жылдары екі рет қуғындалып, сотталды. Ол 1960 жылы ақталған болатын.

1968 жылдың қараша айында Қазақ университетінде жиналыс болып, оған қатысушылар республиканың тиісті орындарына М.Жұмабаевтың екі томдық шығармалар жинағын бастырып шығару туралы ұсыныс қойған болатын. Алайда менің білімімше, Қаз КСР КП Орталық Комитеті бұл жиналысты саяси жағынан теріс деп бағалаған, өйткені М.Жұмабаев байдың тұқымы, ұлтшыл, символист, пессимист және мистик ақын ретінде саналған. Мұндай біржақты баға, белгілі дәрежеде, маған да тиіп кетті, өйткені мен, өзімнің “Жастық жолым” (Мәскеу, 1968 ж.) деген кітабымда оның атын екі рет атағаным. Бір рет Мағжанның 1909-1910 жылдары Уфа қаласындағы “Галия” мед-рессесінде оқығанына, екінші рет Қазанда оның алғашқы өлең кітабы — “Шолпанның” басылып шығуына байланысты.

Міне енді бір жағынан М.Жұмабаев ақталып отыр, демек, жұртшылық оның шығармаларын көруге ынтық болуы заңды. Ал екінші жағынан, ол толық ақталмаған болып отыр, тек азаматтық тұрғыдан ақталды да, саяси жағынан ақталмайды-мыс (Бұл тіпті менің ақылма сыймайтын жағдай).

Сіздің қолыңыз тез бермейтінін білемін, сөйтсе де партия басшыларының әдебиет тағдырына көңіл бөліп отыратын дәстүрін білетіндіктен, осынау көлемді хатты жазуға бекімдім. Хатта, шамам жеткенше, барлық жағдайды жеткізе баяндауға тырыстым. Өйтеуір “жазушылардың ісіне” араласты деп мені жазғыра көрмеңіз.

Мәселенің мәнісі — М.Жұмабаевтың өзінің және шығармашылығының тағдыры өте-өте күрделі екендігінде. Қазіргі ұрпақ кітаптан оқып қана білетін қат-қабат оқиғалардың көбі менің көз алдымда өтті, сондықтан 75 жастағы қарт жазушының ой-толғандарымен танысу Сізге де артық болмас деп ойлаймын. Оның үстіне Қазақстан — менің екінші Отаным, мен бұл жерде талай-талай мектептен өткенмін, сондықтан маған қазақ әдебиеті қымбат, сол әдебиетті жасаған, қазір одан өзі өсіріп-өрбітіп келе жатқан адамдар қымбат.

Мағжан Жұмабаев қаламгер ретінде 1905 жылғы революциядан кейінгі кезеңде көрінді, оның дүниеге қозғарысы да осы кезде қалыптасты. Сол дәуірде, қазақтың ұлттық-революциялық қозғалысының толқынында, буржуазиялық-демократиялық қазақ мәдениетінің көтеріліп келе жатқан шағында қазақ зиялыларының үлкен шоғыры өсіп-жетілді. Мәдениет, әдебиет және халық ағарту қайраткерлерінің бұл тобы өзінің әлеуметтік құрамы және саяси қозғарысы жағынан бірлелкі емес еді.

Олардың қозғарысында ортақ бір ғана мақсат болды, олар өз халқының азаттығын, бақыты мен мәдениетке ұмтылуын тіледі. Алайда бұл бостандықтың мәнісін түсінуде, оған жетудің жолдарын таңдауда, өз халқын отарлық-ұлттық езгіден, әлеуметтік теңсіздіктен, қараңғылық пен сауатсыздықтан азат етуде олардың мақсаттарында айқындық, қандай да бір нақты таптық ұстаным болмады. Сондықтан да олардың арасынан, бір жағынан, әуелден-ақ, немесе бірте-бірте Ленин жолына түсіп, қазақ халқының мақтаншына айналған қайраткерлер шыққанына; екінші жағынан, буржуазиялық ұлтшылдарға қосылып, кеңестік тәртіпке ақырына дейін теріс қарағандар

шыққанына таңдануға болмас.

Қазан төңкерісі өзінің нақты ұрандарымен жөн-өрекет-нәтижелерімен саяси қозғарысы берік қалыптасып болмаған әлеуметтік күштерді қарама-қарсы екі топқа бөліп тастады. Ағартушылық күресте кеше ғана ортақ ниетте болған ұлттық интеллигенция өкілдері баррикаданың екі жағында қалды. Сөйте тұрса да, ұлттық интеллигенцияның көптеген өкілдері күдік пен толқудың тар жол, тайпақ кешуінен сүріне-жығыла өтіп, социалистік қозғарысты жақтап шықты.

Революция, азамат соғысы және Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы осындай жағдайларды барлығымыз бастан кешірдік. Біз ірі жазушылар мен басқа да қайраткерлердің саяси және азаматтық тұрғысын саралап, оларға баға бергенде осыларды ескеруіміз қажет. Бұл тұрғыда біз өлгендер мен қаза тапқандардың орауы алдында ғана емес, тарих соты алдында да жауаптымыз. Бұл мәселелер қазір бірталаймызға аян. “Бірталаймыз” дегенде мен әдеби шығармаларды, әдебиет қайраткерлерін бір кездегі өзмен көткір “Пролеткульт”, “РАШП” рухында бағалаушылардың өлі де аразында бар екенін айтып отырмын.

М.Жұмабаевты өте ерекше және аса көрнекті ақын деп есептеп келдім және есептеймін де, бұл жөнінде ол — Абайдың лайықты ізбасары. Мағжан азамат ретінде қалыптасқан, өмір сүрген, жұмыс істеген және қайғылы қазаға ұшыраған заманың қат-қабат қиындығы, теңіздің бір тамшы суындай, Мағжанның бір басынан көрінеді. Сондықтан Мағжан шығармаларына сыңаржақ баға беру, айталық оны күрескер-революционер дегеніне көтеру, немесе Кеңес өкіметі мен қазақ халқының қас жауы деп құлдыратуға болмайды. Бірінші жағдайда, тарихымызда қорлап, тұрпайыландыру, ал екінші жағдайда мәдени мұраларымызға жауапсыз қарап, ескермеу болып шығар еді.

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстандағы тарихи жағдайларды мүлде есепке алмай, бір кездегі “Пролеткульт” пен “РАП”-тың белсенділеріне ұлттар мәдениетіне қатысты тарихи фактілер мен оқиғаларды тұрайы социология тұрғысында түсінетіндер ғана Мағжанға мұндай біржақты баға бере алады.

Мағжан өмірін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқысында, ол алашордашы болды, кейін Кеңес мәдениетіне қызмет етті. Оның өміріндегі осы екі кезеңді салмақтап, салыстырып көрсек, қазақ-кеңес мәдениетіне қосқан үлесі әлдеқайда қомақты екенін көреміз. Мысал үшін, “Коммунистік партияның тарихы”, “Маркс және Ленин” деген кітапты, В.И.Лениннің “Пария Коммунасы”, “Тоғызыншы қаңтар” деген шығармаларын тұңғыш рет қазақшаға аударғанын еске алайық. Қазақ халқы алдындағы оның мұндай еңбегіне баға жетер ме? Қазақ халқына білім беру ісіне де ол үлкен үлес қосты, қазақ мектептеріне арнап бірнеше оқулық жазды; 1924 жылы М.Горькийдің шығармаларын қазақшалап, “Сұңқар туралы жыр” деген жазпы атпен бастырды, Мамин-Сибиряқтың, В.И.Ивановтың, басқа да орыс жазушыларының шығармаларын аударды. Азамат соғысынан кейінгі жерде, жеке өлеңдері болмаса, негізінен идеялық жағынан кіршіксіз, көркемдік қасиеттері қымбат ақындық мұрасын есептеген күннің өзінде, осы еңбектерінің өзі-ақ Мағжан есімін еске алып, оған құрмет көрсетуге тұрады ғой.

Мағжан Жұмабаев ақын ретінде, адам ретінде қандай еді? Ол — ерекше, өзіне дара жаралған аса дарынды адам. Өзіне ғана тән сөз саптағы бар, халық поэзиясы қазынасының тереңінен тарған әуезді үні бар. Осынау қиын кезеңдердің бәрінде М.Жұмабаевтың қарап отырған күні жоқ. Бәлкім, бой қуаты мен дарын мүмкіндігіне қарағанда көп жеміс бере алмаған да шығар, бірақ бұған Мағжан жазықты емес. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, бірден тұра жолға түсіп кете алмады. Көп ұзамай Мәскеуде, орталық баспада редактор болып істеді. Одан кейін жоғарғы әдебиет институтында оқыды, осы институттың профессорларының бірі Мағжанды “Қазақтың Пушкині” деп бағалаған болатын.

ҒАНА МА?

көзімді жеткізеді.

М. Жұмабаев туралы мен алғаш рет профессор Есмағанбет Ысмайыловтан естідім. Оның айтуынша, М. Жұмабаев және оның шығармашылығы Абай мен қазіргі қазақ поэзиясының арасын жалғайтын ақындық откел болып табылады. Мұндай өте жоғары бағаны кезінде Ф. Ибрагимов берген болатын. Ол өзінің "Қазақ қызы" деген классикалық романына Мағжанның 1911 жылы жазған "Айға" деген өлеңінің гажайы мына бір шумағын эпиграф етіп алған болатын:

Кей дәл, көресің ғой ана жақтан,
Жібектей жасыл шөптер бетін жаңқан
Асқар тау, балдан төтті сулары бар,
Өне, сол анам еді мені тапқан.

Профессор (Есмағанбет Ысмайылов маған) Мағжан шығармаларының қайта басылып шығуына боғет болып отырған өзі білетін екі себепті атады. Бірінші – Мағжанның жеке басына жау болғандар енді не қыларын білмей отыр. Олар бір кезде ақынды "әшкерелеп" бақты, ал енді артық айтқан сол сөздерін мойындап, адал ниетпен қайтып алуы керек пе, әлде бұрынғысынша "турашылдыққа" салынып, ақынды өлі де теріс бағалауға күш салуы керек пе? Кейбіреулер осы екінші жолды күйттеп, өзінің жеке басының бақ-беделін қазақ әдебиетінің мәртебесінен жоғары қойып отыр.

Басқа бір себеп те бар. Жазушылар арасындағы кейбір топтар шығармашылық жағынан гөрі Мағжанның жеке басы жөнінде қарама-қарсы бағыт ұстанып, айтысып жүр. Мен мұны топшылық деп айтпаймын, мұндай ашы бағаға аузым бармайды, бірақ осыған ұқсас бірдене бары рас. Әдетте, талас-тартыс, бәсекелестік үстінде тілге оралғанның бәрі, тіпті жеке қаламгердің тағдыры да бөксе тігіліп кететіні болады ғой. Жазушыларды бір жағы, бәлкім көпшілігі, Мағжан шығармаларын тірілтіп, қазақ әдебиетінде ақтаңдақтық орнын толтыруды жақтайды; екінші жағы ескі сарыннан айырылғысы келмейді. Маған, әсіресе, өкініштісі (шынымды айтсам, таңғалғаным) Сәбит Мұқанов осындай позиция ұстанып отыр. Жалпы Мұқановтың позициясын табанды дей қою қиын. Ол өзінің "XX ғасырдағы қазақ әдебиеті" деген кітабында Мағжан ақына өте жоғары баға береді. "Абай – ақынның ақыны, – деп жазады Мұқанов, – ал Мағжан – ақындардың ақыны. Ақындығы жағынан Мағжан Абайдан күштірек. Біз Мағжанның үйренуіміз керек".

Осындай біраз жыл бұрын Қостанайда кездескенімізде ол татар ақыны Хасан Туфан екеуімізді Мағжанның көп өлеңін жатқа айтып таңғалдырды. Мағжан шығармашылығына жоғары баға беретінін тағы қайталады. Алайда Мағжанның шығармаларын қайта басып шығаруға, менің ойымша, С.Мұқанов қарсы және осы жөнінде мен хат жазып сұрағанымда сырғытпапал, тіпті мысқылға сүйеп, "Қазір М.Жұмабаевтың бақташылары (қамқоршылары дегені болса керек) жоқ", – деп жауап берді. Егер дұрыс ұғынған болсам, С.Мұқановтың бұл хатынан ұқпандым, бұл күнде Мағжанға сүйеу болатын және оның мұрасын жоқтауға батылды баратын мықты да ықпалды қамқоршылары жоқ дегені болса керек. Дегенмен, мәңгі досым С.Мұқановтың мұндай бұлдыр сөздерін дұрыс ұқпандым-ау дегім келіп тұрады. Сондықтан С.Мұқановты қазақ әдебиетінің және өзі жақсы көретін ақын М.Жұмабаевтың мұраларын қорғап шығуға беделі жетеді деп ойлаймын.

Барлық жазушылар сияқты мен де көп адамдармен хат жазысып тұрамын. "Жастық жолымен" деген кітабым шыққаннан кейін Алматыдан, Қарағандыдан, Қостанайдан және Қазақстанның басқа да қалаларынан ондаған хат алдым. Оларды жазушылар, сыншылар, қарапайым оқырмандар жазған. Көптеген хаттарда М.Жұмабаевтың поэзиясы сөз болады. Маған хат жазғандардың бірде-біреуі Мағжан шығармашылығы жөнінде ешқандай теріс пікір білдірмеген. Керісінше, осынау қаламгердің тағдыры мен шығармашылық жолының күрделі болғанын, оның қателерін көрсете отырып, М.Жұмабаев поэзиясының мол байлығы мен биік деңгейін, көп жылдар өтпегенде өлеңдерінің бүгінгідей молдірілігін, қазақ әйелінің азаттығын, халықтың бостандығын жөніндегі өлең жолдарының гажайып қуаты туралы жазады.

Өрпие, бұл хаттардан үзінділер келтіріуім артық болар және оның қажеті де жоқ. Өйтеуір бұл хаттардан, сондай-ақ, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көптеген

өкілдерімен кездесіп тілдескенімде білігім, Жұмабаев шығармаларын қазақ және бүкіл кеңес әдебиетіне қайтарып беру қазақ халқының тілегі мен мақсат-мүддесіне сай келеді.

Осы хатты жаздыруға тағы бір жағдай себеп болды. Әдебиеттер тағдыры туралы толғана отырып, мен өртүрлі халықтарда өзінің өткендегі мәдени мұрасына деген қозғарастың бірыңғай еместігін байқаймын. Қай халықтың мәдени мұрасы неғұрлым бай болса, оған деген қамқорлық та күштірек, халық өз мәдениетінің қазынасын байытқан ұлдарына сергек ілтипатпен баға береді. Керісінше, мәдени мұрасы жұтаңдау халықтарда бұл қамқорлық та кемшін, қалыптасып келе жатқан әдебиеттің бастаушылары деп танылған азаматтары оң-оңай ұмытыла береді екен. Бәлкім, мен қателестім де шығармын, бірақ мына мысалдарды байқап көрейікші. Орыс әдебиетінің ұшан-теңіз байлығын дәлелдеп керегі жоқ. Тек соңғы жылдары ғана олар көптеген жазушыларының, тіпті М.Жұмабаев сияқты жарқыраған жұлдыз болмаса да, есімін ақтап алды. Мұны жаңадан шыққан "Әдебиет энциклопедиясынан" да байқауға болады. Белгілі жазушыларды айтпағанның өзінде бұрын есімі ұмытылып қалған Клычков, Клюев, Вольнов туралы тұлғаларға лайықты сипаттама берілген. Ал қазақ әдебиеті Жұмабаевтың гажайып поэзиясына көз салғысы да келмейді. Және де бұған бір ғана себеп – ақынның ұлтшылдық қателері болса керек.

Орыс әдебиетіндегі қаламдас бауырларымыз адаспап па еді? 1917 жылы Мағжан сияқты қазақ әдебиетінің саяси жағынан тағаланбаған тай-құнандары түгтілі орыс әдебиетінің сақа арғымақтары да шатасты ғой. Өз елінен сыртқа кетіп, онымен идеологиялық күрес жүргізген орыс жазушылары аз ба? Бунинді, Куринді, Г.Ивановты, Бальмонтты және басқаларын еске алайықшы. Бір кезде А.Толстой да солардың тобында болды. Ал қазір бұл жазушылардың шығармашылығы мен өмір жолына лайықты баға берілді, бүкіл күрделі жағдайлары, қалтарыс-бұлттарыстары ескерілді. Олардың бәрі орыс әдебиетінің тарихында өз орнын алды, бұдан былай оларды бұл тарихтан ешкім де сызып тастамайды, сызып тастау мүмкін де емес. Демек Мағжан шығармашылығын ойып лақтырып тастап, қазақ әдебиетін жұтатуға бола ма? Куриң, Мерзжковский және басқа көптеген ақын-жазушылар сияқты М.Жұмабаев шетелге кетіп қалған жоқ, Кеңес өкіметіне қарсы бағытталған ештеңе жазған жоқ. Соған қарамастан Буниннің, Куриңнің тағы басқа эмигранттардың шығармалары мол таралымын басылып жатыр, ал М.Жұмабаевқа келгенде іс жүзінде тыйым салынған. Әдеби мұрамызға деген қамқорлық осындай бола ма екен? Көпті көрген, жасы келген менің ойымша, Мағжанға деген мұндай қозғарастан бір себебі, оның шығармашылығына объективті баға беруге кедергі болып отырған жағдай – ескіліктің пасақ бәсекелестігі және қазақ жазушылары арасындағы "рулық қайшылықтардың" болуы. Өкінішке қарай, мен бұл сөздерді жобаман айтып отырған жоқпын, бұлар жөнінде қазақ әріптестерім маған ашықтан-ашық жазып хабарлады. Мағжанды өзінің әдеби ұстазы санайтын қазіргі қазақ жазушылары көшін бастаушылардың біреуі: "Қазақ жазушылары арасындағы жіксіздіктің қалдықтары М.Жұмабаевтың өлең мұраларының тағдырын дұрыс шешуге мүмкіндік бермей отыр" (1968 ж.) деп жазыпты.

Осылайша, Мағжанды ұмытамыз ба? Жоқ, ұмытпаспыз. Мағжанның өлеңдері айтылып жүр. Біреулер оларды кім шығарғанын білмей, халықтыкі деп санайды, ал білетіндер сырын іште сақтауда. Қазақ жазушылары Қазақстан партия ұйымының көмегімен өз әдебиетінің ертеректегі тарихында болған күрделі жағдайларға дұрыс баға беріп, сол әдебиеттің аясына өзінің дарынды ұлының есімін қайтаруды деп үміттенемін өрі аған сенімдімін.

Мағжан Жұмабаев шығармаларын жарыққа шығару дегеніміз, кейбір қазақ әдебиетшілері ойлап жүргендей, алашорда ұлтшылдығын ақтау емес, мұның өзі – дәлелден жатуды қажет етпейтін ақиқат.

Күрметті Дінмұхаммет Ахметұлы!
Мені осынау ұзақ хатым үшін жазғыра көрмеңіз. Бір ғана тілегім бар – хатты оқып шығыңыз да, қазақ халқына бақыт пен байлық тілеген карт жазушының ізгі жүрегінен шыққан осы сөздерді дұрыс түсінуіңізді сұраймын.

София ҚҮДАШ,
Башқұртстанның халық ақыны,
1969 жыл.

Офицер – бұл, ең алдымен, борыш, содан кейін – мамандық. Офицерлік борышты мінсіз атқару ерлікті, биік моральдық қасиеттерді, тәртіп пен табандылықты қажет етеді. Әскер – кеудесі от жүректі жастардан құралады. Сондықтан ел қорғаны болу – ер жігіттің бақыты. Өйткені әскери адам оттан ыстық Отан шебін қорғайды. Ашық аспан, бейбіт өміріміздің тірегі де, қорғанышы да – солар. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның армиясы – біздің ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрінің заңды жалғасы. Қазақстан әскерінің беделін арттырып, абыройын асқатқата түсуге үлесін қосып жүрген әскери қызметшілер баршылық. Солардың бірі, шекара қызметінің жас офицері – Бауыржан Әділхан.



ОФИЦЕРДІҢ БОРЫШЫ – МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ

Оның айтуынша, бала кезінде ауылдың жігіттері әскерге бозбала болып аттанып, әскерден бойы өсіп, денесі шымырланып, сымбатты болып оралатын. Соларға қарап бүкіл ауыл баласы бой түзейтін. Әскери оқу орнының курсанты болып, бүгін офицер атанған Әділхан өскенде әскери қызметші болып, білікті офицер атымен ден алына үлкен мақсат қойған көрінеді.

Әділхан Бауыржанұлы 2002 жылы 17 ақпанда Ақтөбе облысы Шалқар қаласында дүниеге келген. Әкесінің жұмыс бабымен ол Ақтөбе облысы Ембі қаласына қоныс аударып, бала кезден Ембі қалалық №7 орта мектебінде білім алады. Кейінірекміз жастайынан ата-анасына қолғанат болып, отбасынан еңбекқорлықты, ұлттық тәлім-тәрбиені, үлкенге құрмет пен кішіге қамқор болуды бойына сіңіріп, қиындыққа төзімді, болағай кайсар болып өсті.

Әділхан салауатты өмір салтын ұстанып, кішкентайынан спортқа жақын болған. Мәселен, ол 5-ші сыныптан бастап бөксө үйірімен барып спортпен айналысқан. Қазақстанның көптеген қалаларында болып, бокстан өткен жарыстарда жүлделі орын алып жүреді. Жаттығулар мен рингте төккен тер зая кетпеді. Әділхан – 2018 жылы Ақтөбе облысының чемпионы атанады. Сол чемпионатта облыстың бас бапкерінің көзіне түсіп, Ақтөбе қаласындағы Есет батыр атындағы спорт мектебінде оқуға түседі. Мұнда да ол Грузия, Ресей мемлекеттерінде өткен Халықаралық доллардар бақ сынап, жүлделі орындарға қол жеткізеді.

Осылайша, спорт шеберлігіне үміткер атанған Әділхан Бауыржан 2019 жылы спорт мектебін тәмамдап, бала кездегі әскери болу – арманын іске асыру үшін Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің академиясына оқуға түседі. Міне, білімі мен қайсар мінезін арқасында ол курсант атанып, балашағының қамы үшін тынымсыз еңбек еткен ата-анасының үмігін ақтады. 4 жыл бойы курсант болып, шекара қызметінің офицері атануға талпынды. Әскери оқудың қиындығына еш мойымай, еңбекқорлығы мен табандылығының арқасында ол арман-мақсатына жетті. Жас жігіт 2023 жылы лейтенант шенін алып, осы сөттен

бастап оның әскери өмірі басталды.

Мектеп бітірген соң, әскери институтқа офицер болсам деген арман жетелеп келді. Сонау бала кезімде мен әскери киноларды, әскери қызметшілердің кнйм үлгісін көріп қызғатыпмын. Оның үстіне өкем де үнемі «ер жігіт еліне қорған болуы керек» дегенді жиі айтады. Сол сөздері менің балалық арманымды іске асыруға себепші болды деп ойлаймын, – дейді Әділхан Бауыржанұлы.

Қолына диплом алған жас офицер Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Қарақоға елді мекеніндегі Баян Батыр шекара бөлімшесіне бағытталып, бөлімше бастығының төрбелік және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалды.

Әділхан академияда оқып жүрген кезінде болашақ жұбайы Жұлдызбен жолығып, қолдары жарасақ соң оқулары бірге салысымен, екеуі шаңырақ құрып үлгерген екен. Оның жұбайы Жұлдыз Асылбекқызы 2002 жылы 31 шілдеде Ақтөбе қаласында дүниеге келген. 2019 жылы Мөртөк ауданында орналасқан мектеп-гимназияны бітіріп, Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетіне физика, математика және информатика факультетіне оқуға түседі. 2023 жылы физика-математика мамандығы бойынша оқуын тәмамдап, диплом алады.

Қазіргі таңда жас жұбайлар Қарақоға ауылында бірлесіп қызмет жасауда. Әділхан шекара шебінде ел тыныштығын күзетіп жүрсе, жұбайы Жұлдыз Қарақоға жалпы білім беретін мектепте оқушыларға физика және математика пәндерінен сабақ береді.

Бүгінде көзден жекесіне сүрінбей жеткен Әділханның болашағынан күтер үміт көп. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан жастарды қолдау оны жігерлендіре түскен. Білімі мен машығын жетілдіріп, алдағы уақытта да аудан тыныштығы үшін, елдің амандығы үшін аңтына адал, қызметіне әділ қызметкер боларына сеніміміз мол.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ЖӘРМЕҢКЕГЕ 35 ЖҰМЫССЫЗ АЗАМАТ ҚАТЫСТЫ



Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығының филиалы 24 маусым күні «Аманат» партиясының ғимаратында бос орындар жәрмеңкесін өткізіп, оған пробация қызметі, «Аманат» партиясының аудандық филиалы, облыстық мамандандырылған күзет қызметі басқармасы, полиция бөлімі және аудандық аурухана қатысты.

Мансап орталығы жұмыссыздарға 300-ден астам өзекті бос жұмыс орындарын (электрикші, аспазшы, механизатор, жүргізуші, заңгер, есепші, экономист, мал дәрігері, дәнекерлеуші, бағдарламашы, наубайшы, колонерші, кеңсе қызметкері және т.б.) ұсынды. Жәрмеңкеге 35 жұмыссыз азамат қатысты, соның ішінде: 18 жұмыссызға жұмысқа орналасуға жолдама берілді, 3 адам өтеусіз грантка беруге ниет білдірді, «Бірінші жұмыс орны» бағдарламасы бойынша 1 адам, «Әлеуметтік жұмыс орындары» бағдарламасы бойынша 1 адам, «Жастар

практикасы» бағдарламасы бойынша 2 адам жолданды.

Барлық жұмыссыздарға өзекті бос жұмыс орындары ұсынылып, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары айтылды.

Сонымен қатар барлық өзекті бос жұмыс орындарын Enbek.kz порталында бақылауға немесе Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А үйі, №13 кабинет мекен жайы бойынша орналасқан мансап орталығы филиалына хабарласуға болатынын еске саламыз.

Анықтамға телефоны: 2-81-54, 2-81-94.

АУДАНДА 300-ДЕН АСТАМ БОС ЖҰМЫС ОРНЫ БАР

Полудинно ауылы «Полудинское» ЖПС
Агроном - 1
Бригадир - 1
Механизатор - 1
Ток мейгерушісі - 1
Бөйтерек ауылы «Нүрсен Агро» ЖПС
Малшы - 2
Камаз жүргізушісі - 4
Тракторшы - 10
«Акса-Север» ЖПС
Механизатор - 10
Жүргізуші - 5
Токарь - 1
Дәнекерлеуші - 2
Новотроицкое ауылы «Новотроицкое» ЖПС
Ток мейгерушісі - 1
Агроном - 1
Бригадир - 1
Мал дәрігері - 1
Механизатор - 5
Барлық санаттағы жүргізушілер - 5
Молодогвардейское ауылы
Жалпы мәселелер бойынша бас маман - 1
Лебяжье ауылы
Бас маман бухгалтер-салықшы - 1
Копнохов ауылы
Бас маман бухгалтер-салықшы - 1
«Копноховское» ЖПС
Тиегіш жүргізушісі - 1
Майбалық ауылы
Майбалық негізгі мектебі
Әдіскер тәрбиешісі - 1

Таман мектеп-балабақша-бөбекжай кешені
мәдени ұйымдастырушы - 1
Успенка ауылы
мәдени ұйымдастырушы - 1
Полтавка ауылы «Алтын Астық» ЖПС
МТМ тоқары - 1
Мех.ток слесарісі - 1
Объектілер бойынша күзетшісі - 2
МТЗ, К-700, К-701 механизаторлары - 5
ЗИЛ жүргізушісі - 1
Таман ауылы
Бас маман бухгалтер салықшы - 1
«Таманское» ЖПС
Механизатор - 3
Барлық санаттағы жүргізушілер - 3
Зоотехник - 1
Дәнекерлеуші - 2
Қарапайым жұмысшылар - 2
Күзетшісі - 1
Есепшісі - 1
Электрик - 2
Возышенка ауылы
Бас маман - 1
«Возышенка Астық» ЖПС
Есепшісі - 1
Кассир - 1
Кадрлар бөлімі - 1
«Севказнегросбыт» ЖПС
Электромонтер - 2
Газдәнекерлеушісі - 1
Учаске шебері - 1
Диспетчер - 1
Возышенка ауылы

«Возышенское» ШҚ
Жануарларды күту жөніндегі жұмысшы - 5
Булаев қаласы
Мәдениет үйі (Писаревка, Успенка)
Кітапханашы - 1
Булаев орман шаруашылығы
Механик - 1
Суворовка және Уваково ауылдарының орманшысы - 2
Полтавка ауылы орманшысы - 1
СҚО ҰҚК бойынша Шекара қызметінің департаменті
Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер - 20
Орталық аудандық аурухана
Жалпы практика дәрігері - 1
Дерматовенеролог - 1
Хирург - 1
Онколог - 1
Фельшер (медбике) - 1
Күзет
Күзетшісі - 7
Білім бөлімі
Әлеуметтік педагог - 1
Логопед - 1
Есепшісі - 1
Заңгер - 1
№ 2 Булаев орта мектебі
Логопед - 1
Психолог - 1
Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай кешені
Әлеуметтік педагог - 1
Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп

Бағдарламашы - 1
«Кухаренко» ЖК
Наубайхана жұмысшысы - 1
Наубайшы - 1
Жұмысшы - 1
«Азия Вудс» ЖПС
Жұмысшы - 5
«Булаев Астық» ЖПС
Жұмысшы - 3
Жүк көлігінің жүргізушісі - 3
Таразы-есепшісі - 1
«Агример» ЖПС
Слесарь - 5
Зертханашы - 1
Тасымалдаушы - 1
Токарь - 1
Орт сондіру бөлімі
Орт сондіру машинасының жүргізушісі - 3
«Тамаша» ЖПС
Жануарларды күту жөніндегі жұмысшы - 1
БЖСМ
Әдіскер нұсқаушы - 1
ДЭУ-68
Механизатор - 1
КамАЗ жүргізушісі - 1
Жұмысшылар (маусымдық) - 1
«Бөкіров» ЖК
5-разрядты аспазшы - 1
Статистика басқармасы
Интервьюер - 1
Булаев қаласы әкімінің аппараты
Бас маман бухгалтер - 1
«Аққайың» ЖПС
Жұмысшы - 1
«Копейка» дүкені
Сатушы - 1

«Home credit bank» АҚ
Менеджер - 1
Қызметкер - 1
Булаев май зауыты
Жұмысшы - 1
Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі
Мәдениет және тілдерді дамыту жөніндегі бас маман - 1
Кәсіпкерлік бөлімі
Статистик - 1
Аудан әкімінің аппараты
Құқықтық мәселелер жөніндегі бас маман - 1
Жалпы мәселелер бойынша бас маман - 1
Әлеуметтік мәселелер жөніндегі бас маман - 1
Түргін үй-коммуналдық шаруашылық, жолшылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
Бас маман бухгалтер - 1
Статистик - 1
Жер қатынастары бөлімі
Жер қатынастары жөніндегі бас маман - 1
Ауыл шаруашылығы бөлімі
Бөлім басшысының орынбасары - 1
«Агафонова» ЖК
Шаштараз - 1
«СССР» дәмханасы
Тазалаушы - 1
Мемлекеттік кірістер басқармасы
Бас маман - 1
«Оптовик» дүкені
Электрик - 1

БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАНДАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Балалар ойын алаңдары көп қабатты үйдің әр ауласында, мектептерде, балабақшаларда, емханаларда, саябақтарда, балалар сауықтыру лагерлерінде бар. Соңғы жылдары баспасөзде балалар ойын алаңдарында, аттракциондарда жазатайым оқиғалар туралы хабарламалар пайда болды. Ауруханаларға балалар ойын алаңдарында, аттракциондарда, өткеншектерде және батуттарда алған жарақаттары бар балалар келеді. Жазғы маусым әлі алда. Балалардың ойын алаңдарындағы, ашық көздерден алынған аттракциондардағы жазатайым оқиғалардың статистикасы 3% - жобалау қателіктерінің нәтижесі, 10 - 15% - өндіріс, орнату қателіктерінің нәтижесі, қалғаны - пайдаланушылардың қателіктерінің немесе келушілердің қауіпті, абайсыз мінез-құлқының нәтижесі екенін көрсетеді. Қолданастағы балалар ойын алаңдары көбінесе олар физикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге ескіргендігімен сипатталады. Соңғы уақытта ойын алаңдарында айтарлықтай жаңартуларды көруге болады. Ойын алаңының немесе аттракционның қауіпсіздігі көптеген факторларға байланысты: сапасыз жасалған, дұрыс орнатылмаған, соққыны сіңіретін жабынның қалың болмауы, дұрыс жиналмауы, техникалық қызмет көрсетудің болмауы. Ойын жабдықтарының қауіпсіздігіне қандай талаптар қойылады? Балаларға арналған ойын жабдықтары Балалардың денсаулығы үшін берік және қауіпсіз материалдардан жасалуы

Балалардың ойын алаңдары мен аттракциондарындағы балалар жарақаты оптимизм тудырмайды. Бір жерде бұл ересектердің назарынан тыс қалуына байланысты, бірақ кейбір жағдайларда қулау мен жарақат құрылымдардың техникалық ақауларына байланысты болады, бұл, әрине, мүлдем қолайсыз. керек. Жабдық балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дұрыс орнатылуы керек. Ойын аймағында бала күтпейтін және жарақат алуы мүмкін кедергілер болмауы керек. Балалардың ойнау аймағында соққыны сіңіретін жабын орнатылуы керек. Балаларға арналған ойын жабдықтарын монтаждауды дайындаушы кәсіпорын немесе осы үшін жақетті біліктілігі бар басқа да заңды және жеке тұлғалар жүргізуі тиіс. Жабдықты пайдалануға берер алдында жабдықты тексеру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жабдықты пайдалану басталғанға дейін жабдықты жеткізуші және пайдаланушы ұйым (немесе Тапсырыс беруші) бірлесіп жүргізуі тиіс. 2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасының аумағында «Балалар ойын алаңдары үшін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО ТР 042/2017) техникалық регламенті қолданылады. Бұл регламент балалар ойын алаңдары үшін жабдықты және (немесе) жабынның қауіпсіздігіне және олармен байланысты жобалау, өндіру, монтаждау, пайдалану, сақтау, тасымалдау және көдеге жарату процестеріне қойылатын талаптарды белгілейді. Осы регламентке сәйкес келесі өнімдер талаптарға сәйкестігін міндетті түрде растауға жатады: слайд, өткеншек, тербелмелі, карусель, аспалы жол, балалар

қалашығы (ойын кешені), құмсалғыш, ойын үйі, лабиринт, ойын алаңына арналған соққы сіңіретін жабындар. Оқиғалардың себебі және балалар жарақаттарының көпшілігі жабдықтың сапасыз жасалуы немесе дұрыс орнатылмауы болып табылады. Егер дұрыс орнатылмай жатса, оны орнату және пайдалану сатысында бірден бақылауға алу қажет. Бірақ арнайы әзірленген техникалық регламенттер, МЕМСТ, ҚР СТ бар, олар аттракциондар мен балалар ойын алаңдарының қауіпсіздігіне, олармен байланысты жобалау, дайындау, монтаждау (құрастыру, орнату), баптау, адамның өмірін және (немесе) денсаулығын қорғау, тұтынушыларды енгізетін өрекеттердің алдын алу мақсатында пайдалану процестеріне қойылатын ең аз қажетті талаптарды белгілейді аdataстыру. Бүгінгі күні көпелер және жартылай көпелер өндірушілер негізгі қауіп төндіруі мүмкін, олар көбінесе, жеке қала немесе аймақ деңгейінде жұмыс істейді және заманауи өндірістік жабдықтарды, сапалы материалдарды пайдаланбайды, МЕМСТ, ТШ, жобалау және дайындау кезінде техникалық регламент талаптарын сақтамайды. Осыған байланысты бұл өндірушілердің өнімдері бастапқыда арзанбақ.



өнім берушісін бағалау критерийімен қажетті ілесіп құжаттаманың, паспорттың, пайдалану қағидаларының, қарау, тексеру, қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтардың болуын, сондай-ақ талаптарға сәйкестікті растайтын қажетті құжаттарды (сәйкестікті сертификаттары, сәйкестікті туралы декларациялар) ұсынуының міндеттілігін ескерту қажет. Толығырақ ақпаратты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне алуға болады. Біздің мекен-жайымыз: Петропавл қаласы, Ульянов көшесі, 56 үй, тел.: 8 (715) 2 52-74-97, e-mail: gosnadzor_sko@mail.ru. Екатерина ПАРШИНА, ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы – СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.



Дүйсенбі, 3 маусым	Сейсенбі, 4 маусым	Сәрсенбі, 5 маусым	Бейсенбі, 6 маусым	Жұма, 7 маусым	Сенбі, 8 маусым	Жексенбі, 9 маусым
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 04.10 ТІРШЛІК. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 00.45 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 01.55 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 03.20 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 АҚОРДА. 15.30 ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ НЫШАҢДАРЫ». 15.50 «КӨК ПАСПОРТ». 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 02.30 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 23.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 02.25 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 03.00 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 00.20 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 04.10 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 ОТАНДАСТАР. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 00.45 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 1001 ТҮН. 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.35 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.10, 13.10, 21.25 Т/Х «СҮНҚАР». 13.20, 03.05 ТАТУ-ТӨТТІ. 15.15 БІРЕГЕЙ. 16.05 Т/Х «СЫРҒАЛЫМ». 20.30, 01.10 АШҮҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 00.00 PARASAT MAIDANY. 02.00 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 ЖӘДІГЕР. 06.30, 17.00, 01.40 АҚПАРАТ. 07.00 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ». 07.45 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.30 ШАҢЫРАҚ. 09.00, 17.40, 23.50 ҚОҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00, 02.20 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 13.00 КОНЦЕРТ. 15.15 «ДАЛА ДАУЫСЫ». Х/Ф. 17.20, 02.00 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 20.00 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 21.40 Т/Х «ДИНА. КҮЙ КҮДІРЕТ». 00.55 ОТАНДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.55 ЖӘДІГЕР. 06.30 ШАҢЫРАҚ. 07.00 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ». 07.45 «АЛТЫН ҚАҚПА». 08.30 ҚОҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.35 АҚСАУЫТ. 10.00, 18.00 Т/Х «ҚҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 13.50 ӘЗІЛ ӘЛЕМІ. 15.40 КОНЦЕРТ. 17.05 «ТЕХНОКРАТТАР ТАЛҚЫСЫ». 20.00, 02.10 АПТА. 20.50, 03.00 АҚОРДА. 21.00 КОНЦЕРТ. 22.30 Т/Х «ДОМАЛАҚ АНА». 00.05 ФУТБОЛ. 03.10 «КУМІС КОМЕЙ».

Дүйсенбі, 3 маусым	Сейсенбі, 4 маусым	Сәрсенбі, 5 маусым	Бейсенбі, 6 маусым	Жұма, 7 маусым	Сенбі, 8 маусым	Жексенбі, 9 маусым
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «НАЧНИ СНАЧАЛА», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БЕЗДІҢ НАЗАРДА. 10.25 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «ВКУС СЧАСТЬЯ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.25 М/Ф. 11.40 М/Ф «УМКА». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «ПОСЛУШНАЯ ЖЕНА». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕН- ШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 10.00 НЕОСЕТЬ. 10.20 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «ПОСЛУШНАЯ ЖЕНА». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕН- ШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.35 М/Ф «УМКА». 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН». 16.00, 23.30 Т/Х «ТЕНЬ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ПӨЛЕН- ШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ ОТДЫХ. 10.20 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «ТАҒДЫРҒА СЕН-2». 14.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҮЯ САЛҒАНДА». 15.00, 21.45 Т/Х «ТАСҚЫН». 16.00 Т/Х «ТЕНЬ ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.25 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 НАЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕРЕС. 23.30 «БЕЗ ИЗЪЯНА», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ. 09.30 УЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ. 10.00 «ПРОЩАЙ КРИСТОФЕР РОБИН», Х/Ф. 11.45 М/Ф «УМКА». 12.00 «БЕЗ ИЗЪЯНА», Х/Ф. 14.00 XXI ФАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 «А ВОТ И ОНА», Х/Ф. 23.40 ӨКЕ БАҚЫТЫ. 00.30 ӨСЕМ ӘНДЕР.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 «ҚАЗАҚ ЕЛІ», Д/Ф. 10.00 М/Ф. 11.10 М/Ф «УМКА». 12.00 «А ВОТ И ОНА», Х/Ф. 14.00 АЛҒАШҚЫ. 14.45 БЕС ЖҰЛДЫЗ. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.30 ҚЫЗЫК TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТИКСКИХ РАССЛЕДОВАНИИ. 22.10 «РАЗУМНОЕ СОМНЕНИЕ», Х/Ф. 00.10 ӨКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 3 маусым	Сейсенбі, 4 маусым	Сәрсенбі, 5 маусым	Бейсенбі, 6 маусым	Жұма, 7 маусым	Сенбі, 8 маусым	Жексенбі, 9 маусым
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/С «СВЕТ И ТЕНЬ». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВ- ВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.00 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ДЕЛЬФИН». 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА». 02.05 НОВОСТИ. 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР.	06.00 Т/С «СВЕТ И ТЕНЬ». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «МЕЖДУ ДВУХ ОГНЕЙ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ДЕЛЬФИН». 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	06.00 Т/С «СВЕТ И ТЕНЬ». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «МЕЖДУ ДВУХ ОГНЕЙ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ДЕЛЬФИН». 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	06.00 Т/С «СВЕТ И ТЕНЬ». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «МЕЖДУ ДВУХ ОГНЕЙ». 14.00, 02.05 НОВОСТИ. 14.15, 02.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ДЕЛЬФИН». 00.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 01.15 Т/С «ОХОТА НА ИЗЮБРА».	06.00 Т/С «СВЕТ И ТЕНЬ». 07.00, 03.30 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.55 Т/С «МЕЖДУ ДВУХ ОГНЕЙ». 14.00, 01.45 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.15 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ДЕЛЬФИН».	06.00, 03.00 ТАМАША СІТҮ. 08.00, 02.15 «П@УТИНА». 09.00 «АРТИСТКА», Х/Ф. 11.00 «АСЫ С КУКУШКОЙ», Х/Ф 14.50 «МОРЕ. ГОРЫ. КЕРАМЗИТ», Х/Ф. 18.30, 01.45 АЙНА. 19.00 «МОЙ УБИЙЦА», Х/Ф. 20.55 «СЕ ЛЯ ВИ», Х/Ф. 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.40 ТАМАША СІТҮ. 08.05, 01.55 «П@УТИНА». 09.00 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.10 «КАЛАЧИ», Х/Ф. 10.50 «ИЗБРАННИЦА», Х/Ф. 14.55 «МОРЕ. ГОРЫ. КЕРАМЗИТ», Х/Ф. 18.25 «БОЛЬШАЯ РАЗНИЦА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «СКАЖИ МНЕ ПРАВДУ», Х/Ф. 00.15 «ТРИ АККОРДА».

Дем алу үшін - алдымен еңбек ету керек.
Кісінің түсіне емес, ісіне қара.
Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді.



АУДАН ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ ҮЗДІК ТӨРТТІККЕ ЕПДІ



Мемлекеттік қызметшілер арасындағы спартакиаданың екінші кезеңі өткен демалыс күндері жалғасты. Мағжандық мемлекеттік қызметшілер волейбол, гир спорты, қазақ күресі, жүзу және шахмат бойынша облыстық спартакиадада аудан намысын қорғады.

Ауданның құрама командасы волейбол жарысында бақ сынап, алғашқы күні Жамбыл ауданынан 2-0 есебімен басым түссе, келесі күні аққайыңдықтарды да 2-0 есебімен жеңді. Алайда жартылай финалда Тимирязев ауданының командасынан жеңіліп, үшінші орын үшін ойында ақжарлықтармен кездесіп, біздің команда 2-0 есебімен жеңіске жетті.

Волейбол командасында Жалғас Әлнәзіров, Виталий Заводчиков, Валерий Чицаев, Әйгерім Қантаева, Қанат Мұсатаев, Алина Ахметова, Арман Әділов, Тимур Темірханов, Дамир Исбаев мен Қанат Сабыржанов сынды мемлекеттік қызметкерлер өнер көрсетті.

Қазақ күресі жарысына ауданнан Қанат Сабыржанов, Виталий Заводчиков және Қанат Мұсатаев қатысып, өз салмақтарында бақ сынады. Мәселен, 90 кг артық салмақта Қанат Мұсатаев чемпион атанып, алтын алқа тағанды. Мемлекеттік қызметшілер арасындағы спартакиада қорытындысы

бойынша біздің ауданның құрама командасы волейбол мен қазақ күресінен жүлделі үшінші орындардан көрінсе, гир спорты мен жүзуден төртінші орын алды. Ал шахмат жарысында 7 орынға табан тіреді.

Жалпыкомандалық есепте спартакиаданың екі кезеңінің қорытындысы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы 12 команданың ішінен 4-ші орынға тұрақтады.

- Нәтиже жаман емес деп ойлаймын. Жалпыкомандалық есепте жүлдеге ілігу үшін аздап дайындық жетіспеді. Дегенмен, келесі жылы дайындықты алдын ала бастап, лайықты өнеркөрсету үшін барымызды салатын боламыз. Облыстық жарысқа қатысып, аудан намысын қорғаған барша мемлекеттік қызметшілерге шынайы алғысымды айтамын. Келесі жылы бұдан жақты жетістіктерге қол жеткіземіз деген үміттемін, - дейді дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

ЖАС БАЛУАНДАР ЕРЛЕДІ



21-23 мамыр аралығында Петропавл қаласында 2013-2014 жылы туған кіші жасөспірімдер арасында қазақ күресінен облыс чемпионаты болып өтті. БЖСМ қазақ күресінен жаттықтырушы-оқытушы Амангелді Бөкіров баптайтын жас балуандар лайықты өнер көрсетті, жеңімпаз және жүлдегер атанды.

Мәселен, аудан намысын қорғаған 23 кг салмақтағы Эльдар Мусин облыс чемпионы атанса, 38 кг салмақта күрескен Жалғас Топышев және 42 кг салмақта белдескен Талғат Әмірхан 3-ші орындарға ие болды. Ал 46 кг салмақта бақ сынасқан Әбілмансүр Сәркен алтын медальды жеңіп алса, Жәңгір Абай күміс, Нұрислам Әлімжан қола медальдарды

ұтып алды. Сондай-ақ +46 кг салмақта өнер көрсеткен Ернар Өстемир 3-ші орыннан көрінді. Жаттықтырушы-оқытушы мен жас балуандарды лайықты өнер көрсетулерімен құттықтап, алдағы жарыстарда тек жеңіс тілейміз.

Ермек ИСМАЙҰЛОВ,
БЖСМ басшысы.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!
Әурметті «Мағжан жұлдызы» газетінің сырмандары!

Сіздерге 2024 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатқанын хабарлаймыз.

Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.

Газетке жарты жылға жазылу бағасы - 990 теңге.

Анықтама телефоны: пошта - 2-17-80, редакция - 2-21-35.

ҰЛТТЫҚ КОНКУРС

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫҢЫЗДАР!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы №250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі.



Ұлттық конкурс адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) оң бейнесін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа өзін-өзі ұсыну арқылы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша отбасылар қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім аудандық (қалалық) комиссияларына 2024 жылғы 15 мамырдан 15

маусымға дейін тапсырылады.

Бірінші – аудандық (қалалық) кезең (15 маусымнан 29 маусымға дейін).

Екінші – облыстық кезең (1 шілдеден 15 шілдеге дейін).

Ағымдағы жылдан бастап облыстық комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі.

Толық ақпаратты «СҚО әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» КММ www.dvp.sko.gov.kz сайтынан алуға болады.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

СЕНБІЛІККЕ ШАҚЫРАМЫЗ!

Қадірменді Бұлалы қалың атаң тұрғындары!

Халқымызда «Өлі разы белмай, тірі байымайды» деген атамыз сөз бар. Сендеріңнен бақалық белгілердің қызыл зиратты таза ұстау, қерішәулерің сырлап, тәртіпке келтіруге, мейіп қызметкерлері жауапкершілігі арқалайды. Осыған сәйкес, аудандық мейіп барша мұсылман қауымын 2024 жылдың 8 маусымы демалыс күні қала сыртындағы зираттың отенін тазалық іс-шарасына

қатысуға шақырады. Өздеріңізбен бірге күрес, ара айыр, тырнауын, сытырғыш және тағы да басқа сенбілікке қажетті құрал-саймандарды ала келуге болады.

Әурметті жаманат!

«Тазалық – иланың жұрты» деген хадисті еске алып, ата-алымы сенбілікке атсалысып, сауатты іспен күр қалмаңыз!

«Береке» аудандық ертілік мейімі.

<p>Директор - бас редактор Нәзім ГОИНАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Астана-Вест» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 158800 Сәуірлік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Бұлалы қаласы, Батыр Баи көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады</p>	<p>«Magjan zhuldizy» газеті редакцияда терісін беттеледі. «Сенерий Қазақстан» баспаханасында басылады. (Петропавл қ., Кошукон к-сі, 5 үй). Таралымы - 680</p>	<p>Газет аудан ақсіннің, аудандық мәсехаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуі ретін басылым болып табылады</p>
--	---	--	---	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құалігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қожажабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады